

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 1420 қаулысы

«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне 2013 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен құрылатын «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы үлесті төлеу үшін «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 500000000 (елу миллион) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов